

Төл өнеріміз -құсбегілік халқымыздың көшпенді өмірімен біте қайнасып келе жатқаны белгілі.Ит жүгіртіп, құс салып,аң аулау халықтың арман тілегімен , тыныс-тіршілігімен аста-сып жатқан өнердің бір тармағы іспеттес.

Қолыңнан өзі түлеп ұшса
самғап,
Құрғатпай қанжығанды
күнде қандап.
Дүниенің бір қызығы-қыран
Бүркіт,
Келіпті Қостанайға аңсап
таңдап,-
дегендей, жақында Қостанай
қаласында 9-шы наурызда



ҚОЛЫНА БҮРКІТ ҚОНДЫРҒАН

«Сонар-2008» республикалық саяткерлік сайысы болып өтті. Қазақстан Республикасы ұлттық спорт түрлерінің ішіндегі дәстүрлі құсбегілер сайысына 25 бүркітші қатысқан болатын. Бұл сайысқа Қарағанды,Талдықорған,Семей,Алматы,Көкшетау,Павлодар,Шымкент қалаларынан саяткерлер жиналған.

Бұл республикалық жарысқа ауданымыздың мақтанышы, төрт мәрте Қазақстан Республикасының чемпионы, құсбегілік өнердің шебері атанған Мақпал Әбдіразақова мен әкесі Мұрат және Бірлік Иманов барып қайтқан болатын.

Республикалық құсбегілер байқауы аңға құс салып,саят құру бағдарламасы қыран құсты қолға шақыру, шырға тарту, қоянға , түлкіге, кептерге салу бойынша өткізілді. Талай дода-ларда дес бермей, оқ бойы озық көрінген жерлесіміз Мақпал бұл сайыста табысқа қол жеткізді.

Облысқа, әрісі республикаға танымал болған Мақпалдың жетістігіне тәнті болған сайыс төрешілері ыстық ықыластарын танытып, жүлделі орынды тарту етті. Облыс атынан барып бас жүлдені қанжығасына байлап қайтқан бүркітші

қыздың жеңісі жерлестері үшін де, әкесі үшін зор мақтаныш.

Қолына қыран құс қондырған жас қыздың өжеттілігін,батылдылығын мәртебе көретін ауданымыздағы айтулы спортшы Амангелді Қызылов та өз ойын білдірген.



-Халқымыздың ұлттық ойындарын дәріптеу қазір ғана қолға алынууда.Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан құсбегілік, саяткерлік, аңшылық ерте заманнан ата-бабаларымыздан бізге мұра боп жеткені белгілі. Жас бүркітші Мақпалдың талай жарыстарда бас бәйгені иеленіп келгені біз үшін мақтаныш. Мен осындай киелі өнерге бас иіп жүрген жас қызға алғысым шексіз.Әлі де қанатың талмай, қыран құстай көкке самғай бер деген игі тілегімді білдіремін,-деп ағынан жарылды.

Иә, киелі өнердің биігінде қалықтай самғап жүрген Мақпалға бұл додада Павлодар қаласының ұйымдастыру алқасы арнайы диплом мен бүркіт бейнесі сомдалған ескерткіш сыйлықты тарту етті.

Және Қазақстан телеарнасы қыздар арасында тұңғыш рет шыққан бүркітші қыз жайында

хабар түсіріп, халыққа ұсынып отыр.

Осындай елінің,жұртының көз қуанышына айналған бүркітші қызға биікте самғай бер деген тілек айтамыз.

С.ТҰЯҚБАЙҚЫЗЫ.